ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 09 шілде іс №7119-25-00-2/6633 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.К.Жетібаев,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Академик Н.Ж. Батпенов атындағы Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Альжан» жеке кәсіпкер атауымен әрекет етуші Жанерке Бауыржанқызы Альжан

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІМІ:</u>

№1 талап бойынша
2025 жылдың 11 наурызда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Академик Н.Ж. Батпенов атындағы Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (тапсырыс беруші) мен «Альжан» жеке кәсіпкер атауымен әрекет етуші Жанерке Бауыржанқызы Альжан (өнім беруші) арасында № ГЗ-02-07-318 мемлекттік сатып алу туралы шарт жасалған, онда жауапкер автокөлік құралдарының жиынтығын жеткізу туралы міндеттеме алған. Өнім беруші шарт бойынша жалпы сомасы 319 999 теңгеге тауарды тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенген.

2025 жылғы 17 сәуірде тапсырыс беруші өнім берушіге техникалық ерекшелікке сай тауарды жеткізу туралы өтінім жолдаған, атап айтқанда 2025 жылғы 05 мамырға дейін.

Алайда жауапкер тарапынан тауарлар көрсетілген мерзімде тиісті түрде жеткізілмеген.

Тараптар арасында аталған шарттар біржақты 2025 жылғы 03 маусымда бұзылған.

Талап қоюшы шарт талаптарын тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және одан тұрақсыздық айыбын өндіруді талап етті.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағының 3-тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі ол, өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Шарттың 3.1-тармағына сай өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Сотпен анықталғандай, жауапкер шарт талаптарын орындамаған, атап айтқанда өнім берушімен техникалық ерекшеліктегі талаптарға сай келетін тауар жеткізілмеген, сол себептен жауапкер тарапынан шарт талаптары бұзылған. Жауапкер шартты орындамаудың дәлелді себептерін растайтын құжаттарды сотқа табыс етпеді.

Тараптар арасындағы шартты тапсырыс беруші біржақты тәртіппен 2025 жылғы 03 маусымда бұзды. Біржақты тәртіппен бұзылған шарттар жауапкермен дауланбады.

Істің мұндай жағдайында, «Альжан» жеке кәсіпкер атауымен әрекет етуші Жанерке Бауыржанқызы Альжан мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызы қанағаттандырылуға жатады.

№2 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 293-бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл, өсімақы) айыбы, борышкердің міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда несие берушіге заңмен немесе келісім-шартпен анықталған ақша сомасын төлеуге міндетті.

Шарттың 7.3-тармағына сәйкес шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін жеткізіп беруші тапсырыс берушіге әрбір бұзушылық жағдайы үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық өтейді.

Талап қоюшының ұсынған есебіне сәйкес:

Шарты бойынша тауарды жеткізу уақытының мерзімін өткізіп алу талап қою арызы бойынша 29 күнді құрайды, 319 999 теңге х 0,1% х 29 күн = 9 280 теңге.

Документ подписан: Жетибаев Ж. К., 09.07.2025
Дата вступления в законную силу: 17.08.2025, судья Жетибаев Ж. К., 03.09.2025
7119-25-3-1/6390

Сондықтан, жауапкерден шартты орындамағаны үшін талап қоюшының пайдасына көрсетілген мөлшерде тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің 117-бабына сәйкес, мемлекеттік баж 1 966 теңге және 278 теңге мемлекет пайдасына жауапкерден өндіріліп алынады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Академик Н.Ж. Батпенов атындағы Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Альжан» жеке кәсіпкер атауымен әрекет етуші Жанерке Бауыржанқызы Альжанға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Альжан» жеке кәсіпкер атауымен әрекет етуші Жанерке Бауыржанқызы Альжан мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Альжан» жеке кәсіпкер атауымен әрекет етуші Жанерке Бауыржанқызы Альжаннан талап қоюшы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Академик Н.Ж. Батпенов атындағы Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 9 280 (тоғыз мың екі жүз сексен) теңге тұрақсыздық айыбы және 278 (екі жүз жетпіс сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Альжан» жеке кәсіпкер атауымен әрекет етуші Жанерке Бауыржанқызы Альжаннан мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас

Документ подписан: Жетибаев Ж. К., 09.07.2025
Дата вступления в законную силу: 17.08.2025, судья Жетибаев Ж. К., 03.09.2025
7119-25-3-1/6390

тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Ж.К.Жетібаев**

Документ подписан: Жетибаев Ж. К., 09.07.2025

Дата вступления в законную силу: 17.08.2025, судья Жетибаев Ж. К., 03.09.2025

7119-25-3-1/6390